АЗАМАТ ЖОЛЫ – АР ЖОЛЫ

# ЖАС Ұрпақ

Еуразия гуманитарлық институты

№ 04 (90), 2022 ж. қараша

Еуразия гуманитарлық институтының газеті

# ІСКЕР БАСШЫ, ҚАМҚОР ҰСТАЗ

Осыдан 28 жыл бұрын Қазақстан елордасын Ақмолаға көшіру туралы тарихи шешімі қабылданды. Бұл күнде сәулетті де, сұлу шаһар Астана республикамыздың іскерлік қана емес, ғылыми, мәдени орталығына айналып отыр. Содан бері ерке Есілдің бойына қонған елорданың – бас қаламыздың рухани, мәдени дамуына көптеген ел азаматтары үлес қосып келеді. Солардың қатарында тарих ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Құсайынов та бар. Ол 1992 жылдан бастап Целиноград мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры лауазымына тағайындалып, жоғары оқу орнының басшысы ретінде өзіне сеніп тапсырылған міндеттерді мүлтіксіз атқарып, аса тәжірибелі әрі білгір ұйымдастырушы екенін көрсетті.

Амангелді Құсайынов 1996 жылы құрылған Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университетінің тұңғыш ректоры болды. Оның ректорлық қызметі Қазақстан астанасының Алматы қаласынан Ақмола қаласына көшу, жаңа елордамыз Астана қаласының қалыптасуына байланысты аса маңызды әрі ауыр кезеңмен тұспа-тұс келді. Дәл осы кезеңде ректордың қайраткерлік қыры жарқырай көрінді.

А. Құсайынұлының өмір жолы оңай болған жоқ. Сонау қиын-қыстау заманда дүниеге келген сәттен жазықсыздан «халық жауының баласы» атанса, бұл күнде ерекше қабілеті мен тынымсыз еңбегінің нәтижесінде халыққа жанашыр, қамқоршы тұлға болып қалыптасты.

Өзінің «Өмір иірімдері» атты еңбегінде: «Ауылда «Халық жауының» семьясы болудың қаншалықты қиындығын, азаптылығын, әділетсіздігін тек басынан өткізген адам сезінеді. Қайғы да, қуаныш та өтеді ғой, тек жазықсыз жазаның көңілде зілі, өкініші қалады екен», - деп балалық шағындағы ауыр көріністерді көз алдымызға келтіреді. Әйтсе де, автор қуанышынан реніші, бақытты сәттерден гөрі мұңды шақтары өткен туған жерге деген махаббатынан бір сәтте айнымағанын келесі жолдардан анық байқатады.

«Туған жердің өзі түгіл табанға кіретін тікенегі де маған қымбат, мен үшін одан әдемі де, сымбатты да жер жоқ», - деп азаматтық позициясын білдіреді. «Мен үшін Үлгілі – өмір мектебім, болашағымның іргетасын қалаған қасиетті жер, адамгершілігімнің рухы, жырымның да, сырымның да қайнар көзі», - деп туған ауылға деген ыстық ықыласын танытады.

Бар байлықтың білімде екенін ертеден сезініп өскен А. Құсайынұлы мектепте үздік оқыған. Кеңес мектептерінде озат оқушыларды дәстүрлі түрде өткізетін пионер, комсомол қатарына «халық жауының баласы» ретінде қабылданбайды. Әділетсіздікті жастайынан сезінсе де, жігері мұқалмады. Бойындағы әкенің қанымен, ананың сүтімен келген тектілігінен танбай, қиындыққа мойымай, өмір жолындағы белестерден жол таба білді.

1956 жылдың күзінде Павлодар педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, 1962 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінде білімін жалғастырады. Педагогикалық училищедегі оқуын бітірген соң арнайы жолдамамен еңбек жолын туған ауылы Үлгіліден бастайды. Мектепте білім беріп қана қоймай, ауыл балалары үшін спорт секциясын ашып, нәтижесінде аудандық спартакиадада да мектеп оқушыларының жүлдемен оралғанын автор мақтанышпен еске алушы еді. Жалпы, Амангелді Құсайынұлының спортқа деген бейімділігі училище қабырғасында жүргенде-ақ байқалса керек, жаттықтырушысының спорттық жарыстарға қатыстыруы шәкіртіне үлкен сенім артқаны деп білеміз. Сенім ақталды, А. Құсайынұлы 1960 жылы Чита қаласында өткен республикалық жастар құрама командасының құрамында болып, спорт шебері атанады. Сол кездің өзінде-ақ, спортты «салауатты өмір салты» деп білетін Амангелді Құсайынұлы университет ректоры болып тұрғанда да қызметкерлерін спорт алаңына жинап, түрлі спорт жарыстарын ұйымдастырып, спартакиадаларға белсене қатынастырып, спортқа ерекше назар аударғанын осы күні әріптестері жиі еске алады.

«Азамат жолы – ар жолы» деп білетін А. Құсайынұлы университет қабырғасында жүргенде Отан алдындағы борышын өтеу үшін әскер қатарына шақырылып, Вьетнам Халық республикасының тәуелсіздігі жолында өз үлесін қосып, 1965 жылы «Ерлігі үшін» және «Ұлы Отан соғысында фашистік Германияны жеңудің 20 жылдығына» арналған медальдарымен марапатталады. Университетте оқып жүріп, қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысып студенттердің кәсіподақ бюросын басқарады, студенттердің құрылыс отрядтарына университет бойынша басшылық жасады.

Оқуда үздік, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысатын патриот-студент университет бітірген соң 1973-1976 жылдары аспирант, аға оқытушы, 1976-1982 жыл аралығында тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, 1982-1987 жылдары проректор, 1987-1992 профессор қызметтерін атқарады.

2000 жылдан бастап А.Қ. Құсайынов ҚР-дың Жоғары аттестаттау комитетіне басшылық жасады, мұнда да ол осы бақылаушы органның мәртебесін көтеріп қана қоймай, ғылым саласын бақылау жүйесін құрып, қазақстандық ғылымның дамуына айтарлықтай үлес қосты. 2004 жылдан бастап тарих ғылымдарының докторы, профессор А.Қ. Құсайынов Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының президенті болды. Ол қазақстан қоғамын жаңғырту жағдайында білім беруді жетілдіру бойынша, әлемдік тәжірибе негізінде және ұлттық дәстүр мен құндылықтарды ескере отырып, ғылыми ізденістерін жалғастырды.

А. Құсайынов 2007 жылдан бастап, Еуразия гуманитарлық институтының басшысы болды. Айта кету керек, аталған институт – Астанадағы тұңғыш мемлекеттік емес жоғары оқу орны. Әрине, жоғары оқу орнын құру, оны қалыптастырып, аяғынан тік тұрғызу оңай шаруа емес. Білім саласының белді ұйымдастырушысы А. Құсайынов жұмыстың жүйесін таба білетін білікті маман кадрларымен бірге бар қиындықты артта қалдырып, бұл күнде институтты беделді жоғары оқу орнына айналдырды. Білім саласында жарты ғасырдан астам еңбек етіп келе жатқан ректордың ұстанымы қоғам сұранысын қанағаттандыратын құзыретті мамандар даярлау болды. Институт саясаты – сапалы білім беру, дайындаған мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету. Осы бағытта өз қызметін жүргізе отырып, жоғары оқу орны педагогикалық бағытта ұстаз мамандықтарын даярлайтын бірден-бір білім ордасы екендігін айта кетуіміз керек. Кезінде Еуразия гуманитарлық институты аспирантура, диссертациялық кеңес арқылы жоғары білікті педагог-мамандар даярлап, елімізде білім саласының дамуына лайықты үлес қосып келген болатын. Бүгінгі таңда осы дәстүр жаңа жағдайда өз жалғасын тауып, жаңа буын оқулықтарының талабына сай, педагогикалық білім беру бағдарламалары дайындалып, заман талабына сай мұғалім мамандарын дайындау қолға алынған. Мәселен, Астана қаласының бірнеше мектептерінде педагогика, шетел тілдері, қазақ және орыс филологиясы кафедралары өздерінің филиалдарын ашып, мектептерге накты бетбұрыс жасауда. Мақсат – заман талабына сай мұғалімдерді даярлау. Осы істерге бағыт бағдар беруші де тәжірибелі ұстаз – институт ректоры А. Құсайынов еді.

Саналы ғұмырын ғылым мен білімнің, жоғары мектептің дамуына арнап, Отанымыздың мәртебесін көтеруге лайықты үлес қосқан Амангелді Құсайынұлы бүгінде 80-нің биік белесіне шығар еді. Амангелді Құсайынұлының жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.



***А. Құсайынұлының өмір жолы оңай болған жоқ. Сонау қиын-қыстау заманда дүниеге келген сәттен жазықсыздан «халық жауының баласы» атанса, бұл күнде ерекше қабілеті мен тынымсыз еңбегінің нәтижесінде халыққа жанашыр, қамқоршы тұлға болып қалыптасты.***

Қадыр Ахметов,
оқу және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

**Наши воспоминания дают уникальную возможность окунуться в прошлое и ощутить те или иные моменты вновь, и это делает нашу жизнь целостной и наполняет ее смыслом. По цепочкам воспоминаний мы можем вернуться в нашу молодость, вновь испытать те волнения, которые пережили. Как интересно вспоминать о том, что когда-то впервые встретил на своем пути яркую, неординарную личность, и в тот самый момент ты даже понятия не имел, что он так повлияет на тебя и изменит твою судьбу. Жизнь всегда все расставляет по своим местам, и каждый из нас находится там, где должен быть. Но за чередой событий, прожитых лет в памяти остаются лишь те, кого нам не дано забыть. У каждого человека в любой сфере деятельности всегда есть учитель, всегда есть наставник. Таким человеком для меня стал Кусаинов Амангельды Кусаинович.**






# ЖИТЬ И РАБОТАТЬ, ОПЕРЕЖАЯ ВРЕМЯ

Работая долгие годы вместе, мы, коллеги, не переставали удивляться: откуда у А.К. Кусаинова такой невероятный интеллект, энциклопедические знания, врожденная интеллигентность! Казалось, нет такой области науки и образования, в которой бы он не разбирался. Он всегда был лидером, должен был всё знать, во всё вникать. А.К. Кусаинову это удавалось всегда, он умел не только понятно объяснить, но и увлечь своими идеями, помочь единомышленникам почувствовать радость открытия, получения новых знаний, создать условия для плодотворной работы коллектива, четко ставить цели и достигать их.

Вспоминаю 1992 год, когда Амангельды Кусаинович как вновь назначенный ректор тогда Целиноградского государственного педагогического института пригласил меня в свою команду, назначив проректором по учебной работе.

Девизом в его деятельности был: «Кто будет успевать за мной, тот будет работать в команде!». Он сам участвовал лично во всем, его интересовало буквально все: как живет и учится студент, чего не хватает для творческой работы педагогу, как поднять престиж института, как развивается спорт; субботники, благоустройство территории и спортивные соревнования превращались в праздник студентов и преподавателей. Своей энергией он поражал всех и заряжал нас. Быстрее всех он поднимался на 7 этаж главного корпуса, в котором отсутствовал лифт, а совместный обед в университетской столовой заканчивался, не успев начаться! Он очень дорожил временем, ему нужно было сделать в срок, это значит быстро и качественно, не оставляя на потом. Словом, нам всем приходилось успевать и перестраиваться на ходу!

Поразительно: дверь его кабинета всегда была распахнута настежь! Все могли к нему зайти со своими вопросами, проблемами, порой с жалобами и предложениями. И мы не помним ни одного случая, чтобы Амангельды Кусаинович не поддержал, не выслушал и не разобрался! Конечно, при таком темпе и ритме работы необходимо, чтобы «тылы» руководителя были действительно надежными. Таким «тылом» для Амангельды Кусаиновича была семья. С Раушан Усупбаевной они были единомышленниками, часто обсуждали возникающие вопросы, как профессиональные, так и связанные с воспитанием детей и внуков. И больше всего поддерживала Амангельды Кусаиновича и придавала ему сил вера Раушан Усупбаевны в него. В семье Кусаиновых благодаря доверию и ответственности всегда сохранялся баланс между работой и счастливой семейной жизнью.






Самое сложное в работе руководителя – это построить отношения с людьми, к каждому нужен персональный подход. Конечно, большое значение имеет образование, опыт, но умение слушать людей, находить компромиссы, учитывать их советы – залог продуктивной деятельности и многообещающих перспектив развития университета. Именно так считал А.К. Кусаинов. Интересными были его идеи об организации учебного и научного процессов в период, когда на базе Акмолинского университета в 1996г. был создан Евразийский университет им. Л.Н. Гумилева. В то время перед университетом стояли многоплановые задачи, решение которых А.К. Кусаинов видел через реализацию интеграционного потенциала евразийского образовательного и культурного пространства путем модернизации образовательных и научных программ, развития международных связей, углубленного изучения иностранных языков, укрепления и совершенствования материально-технической базы. Университет должен был стать привлекательным не только для казахстанской молодежи, но и для студенчества ближнего и дальнего зарубежья. Большое внимание, считал А.К. Кусаинов, необходимо уделять и духовному воспитанию обучающихся. Своими идеями Амангельды Кусаинович в какой-то мере предвосхитил развитие высшего образования. Сегодня развивается полиязычное образование, реализуется множество интересных и востребованных обществом образовательных программ, наука стала неотъемлемой частью образовательного процесса. А как он относился к ученым! Он всегда считал, что в науку необходим приток творческой и креативной молодежи. За период преобразования вуза в Евразийский университет была открыта аспирантура по 18 специальностям, открыты советы по защите докторских и кандидатских диссертаций, отправлялись на обучение молодые преподаватели в ведущие зарубежные университеты. Для реализации смелых и порой амбициозных задач необходимо было работать над привлечением в университет известных и маститых ученых. И здесь А.К. Кусаинов продемонстрировал свой организаторский талант, обеспечив приглашенных докторов не только работой, но и хорошим жильем, многие из них продолжают жить до сих пор в доме, который А.К. Кусаинов сделал домом профессуры. За всем этим стоял большой труд и огромное желание достичь поставленных перед ним целей.

Совместная тогда и продолжавшаяся до его кончины работа позволяет мне сказать о нем следующее: Амангельды Кусаинович отличался живостью ума, решительностью, прекрасной памятью, жизнелюбием и, пожалуй, самым ценным – это человечностью. Встретив его однажды, я понял, что в тот период жизни он был человеком, который необходим был нам именно в этот момент. И я знаю одно, что это была не случайность. Это была судьба.

Где бы не работал А.К. Кусаинов (в качестве проректора КазГУ им. С.М. Кирова, ректора Акмолинского государственного педагогического института им. С. Сейфуллина, Акмолинского университета и первого ректора Евразийского университета им. Л.Н. Гумилева, в качестве председателя ВАК РК, президента Казахской академии образования им. Ы. Алтынсарина, ректора Евразийского гуманитарного института), он всегда доводил начатое дело до конца со свойственным ему энтузиазмом и энергией. По его инициативе был создан первый негосударственный ВУЗ столицы – Евразийский гуманитарный институт. Судьба негосударственного вуза зависит от развития и реализации внутренних сил, собственного потенциала. Прежде всего потому, что современный вуз – очень сложная организация, независимо от количества студентов и работников в нем. Сегодня, как никогда, руководителю вуза необходимо добиваться более высокой эффективности при меньших ресурсных затратах. На основании знания прошлого, настоящего и общих тенденций развития образования А.К. Кусаинов ясно представлял, что может произойти в будущем. Роль ректора А.К. Кусаинова в институте была значительно шире, чем просто руководство людьми и процессами, главное в его деятельности было видение перспективы, выработка и обеспечение выполнения стратегии. Амангельды Кусаиновичу был присущ стратегический тип мышления и управления, когда он, опираясь на имеющийся потенциал института и развивая его, учитывая всю совокупность внешних и внутренних факторов, видел и ставил перед своей «командой» перспективные цели и добивался их достижения. А.К. Кусаинов не только был умелым организатором, ставящим интересы института во главу угла, но и вдохновлял преподавателей и студентов на достижение высоких результатов.

Взаимопонимание и сотрудничество во всех подразделениях института, уважительные отношения в студенческой среде стали, на мой взгляд, отличительной чертой и одним из конкурентных преимуществ Евразийского гуманитарного института.

В настоящее время институт имеет собственную нишу в образовательном пространстве республики и столицы, заслуженную репутацию вуза, который качественно готовит востребованные кадры по педагогическим и гуманитарным направлениям. И это все благодаря коллективу единомышленников, воспитанному на основе тех ценностей и традиций, которые были заложены Амангельды Кусаиновичем. У Дмитрия Лихачева есть такие слова: «Если жить только для себя, своими мелкими заботами о собственном благополучии, то от прожитого не останется и следа. Если же жить для других, то другие сберегут то, чему ты служил, чему отдавал силы».

И сегодня перед коллективом института для дальнейшего динамичного развития стоит непростая задача: сохраняя традиции, научиться формировать у студентов универсальные навыки для будущей профессиональной деятельности с учетом современных трендов в образовании. Одним словом, идти в ногу со временем, и даже опережая его!

Амангельды Исмаилов,
ректор Евразийского
гуманитарного института

# АМАНГЕЛДІ ҚҰСАЙЫНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

**Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ білім академиясының академигі Амангелді Құсайынұлы саналы ғұмырын еліміздің оқу-ағарту және ғылым саласына арнаған тұлға.**



А. Құсайынов Павлодар облысы, Ертіс ауданынының Үлгілі ауылында 1942 жылы дүниеге келген. Оның балалық шағы Екінші Дүниежүзілік соғыс, одан кейінгі шаруашылықты қалпына келтірудің қиыншылығымен тұспа-тұс келді. Соғыстан кейінгі жылдары да «Халық жауының» баласы ретінде тартқан азабы, көрген қиындықтары аз емес. Өмірдің әділетсіздігін жастайынан сезініп өскен қайсар мінезді, жас бала жасымай, жасқанбай, қайта ширыға түседі. Өжеттілігі мен табандылығының арқасында озат оқушы атанып, 1960 жылы Үлгілі орта мектебін аяқтайды.

**Азаматтың қалыптасуына өскен отбасы тәрбиесі мен білім алған ортасының әсері көп болатындығы анық. Өмірінің негізгі кезеңдеріне назар аударсақ, өзіндік дара жолын байқай аламыз.**

Талантты жас азамат 1962 жылы Алматыдағы іргелі білім ордасы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне түсіп, студент атанып білім алып жүрген шағында 1963-1966 жылдары Кеңес армиясының қатарына алынып, Вьетнам Халық Республикасында азаматтық борышын өтейді. Әскер қатарында жүргенде 1965 жылы «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады. Елге оралғаннан кейін 1969 жылы университеттің тарих факультетін ойдағыдай аяқтаған.

1969 жылы Алматы мемлекеттік Медицина институтында оқытушы, 1970-1973 жылдар аралығында Алматы қаласы Аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің нұсқаушысы қызметтерін атқарды.

1973-1976 жылдары білім мен ғылымға бір жола бет бұрып, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің КПСС тарихы кафедрасы жанындағы аспирантурада оқиды. 1976 жылы тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбірашит Рахымұлы Ахметовтің ғылыми жетекшілігімен С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың жанындағы «07.00.01. – Қоғамдық қозғалыстар мен саяси партиялардың тарихы» мамандығы бойынша «Қазақстанда Коммунистік партияның құрылысшы кадрларды дайындауы және тәрбиелеудегі қызметі (1946-1958 жж.)» атты кандидаттық диссертациясын сәтті қорғаған.

1976-1982 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің КПСС тарихы кафедрасында ассистент қызметінен бастап, аға оқытушы, доцент, аға ғылыми қызметкер, профессорлық сатыларынан өтіп, 1982 жылы қоғам және мемлекет қайраткері, академик Ө. Жолдасбековтің қолдауымен университет проректоры дәрежесіне көтерілді. Өзі де өсті, өзімен бірге университеттің дамуына да үлесін қосты.

1987-1991 жылдар аралығында аға ғылыми қызметкер ретінде ғылыми-зерттеу және шығармашылықпен айналысты (Байзақова Қ.Е. Өмірі өнегелі тұлға // Құсайынов А.Қ. Өнегелі өмір. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 10-11 бб).

Ғылыми бағыттағы ізденістерден кейін 1991 жылы 27 қыркүйекте Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, Археология және этнография институты жанындағы Д 008.09.01 Диссертациялық кеңесінде «Қазақстанда жұмысшы табы мен шаруалардың өндіріс және ауыл шаруашылығын қайта құрудағы өзара қарым-қатынастары (1926-1940 жж.)» (Қорғау мамандығы КСРО тарихы. Мамандық шифры – 07.00.02.) атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғауға шығады. Диссертациялық кеңестің төрағасы, Ғылым академиясының академигі М.Қ. Қозыбаев еді. Диссертациялық кеңестің қорғауды өткізген стенограммалық жазбасына назар аударсақ, онда 15 ғалым мүше ретінде есімдері аталған. Диссертациялық кеңестің мүшелері: М.Қ. Қозыбаев, Р.Б. Сүлейменов, Ю.И. Романов, К.М. Байпақов, К.А. Ақышев, Х.А. Арғынбаев, М.Х. Асылбеков, Л.М. Ауезова, Т.Б. Балақаев, В.З. Галиев, С.К. Жақыпбеков, Г.Я. Козлов, М.С. Мұқанов, К.Н. Нұрпейсов және Ж.Қ. Қасымбаев сияқты белгілі ғалымдар еді.

Ресей гуманитарлық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Виктор Михайлович Устинов және Ташкент мемлекеттік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Рахбор Хамидовна Муртазаевада диссертацияның өзектілігін, диссертанттың еңбегін жоғары бағалағанын айтпай кетуге болмас. Қорғаудың қорытындысы бойынша көпшілік дауыс берумен А.Қ. Құсайынов докторлық диссертацияны сәтті қорғап шығады (Стенограмма заседания специализированного совета Д 008.09.01 при Институте истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова. Алматы, 27.09.1991 г. // Архив Академии Наук РК. Ф.11. Оп.1. Д.1933., 1-29 лл.). Яғни, бұл ғалымның ұзақ жыл еңбектеніп жазған ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесі еді.

А. Құсайынов 1992 жылдың сәуір айында С. Сейфуллин атындағы Целиноград педагогикалық институтының ректоры болып тағайындалады. Жоғары мектепті ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында осы институтты С. Сейфуллин атындағы Ақмола университеті болып қайта құрылуына үлес қосты.

1996 жылдың мамыр айында Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен аталған университет Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті болып қайта құрылып, ректорлық қызметке А. Құсайынов тағайындалды.

Білім ордасын басқарған тұста А. Құсайынұлы университет қалашығының негізін қалап, жоғары оқу орнын жаңа деңгейге көтерді. Оқытушы-ғалымдар мен қызметкерлерге жағдай жасалып, республиканың үздік мамандары шақырылды. Ғалымның басшылығымен ЖОО-да жаңа зертханалар, кафедралар, ғылыми орталықтар, диссертациялық кеңестер ашылды. Бір сөзбен айтқанда, Амангелді Құсайынұлы Еуразия университетінің өміріне тың серпіліс әкелді.



Ғалым А.Қ. Құсайыновтың атқарған қызметтерінің ішінде ҚР БҒМ Жоғары аттестациялық комитетінің төрағасы (2000-2004 жж.) болғандығын, осы аталған қызметте ғылыми жұмыстарды дамыту жолында аянбай еңбек еткендігін білеміз. Бұл қызмет орны өте жауапкершілігі мол, әрі психологиялық тұрғыдан қиындықтары да көп болатын.

Еліміздің болашағы ғылымның дамуымен, ғалым мамандар даярлау ісінің әлемдік талаптарға сай жоғары деңгейге көтерілуімен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан келгенде республикада ғалымдар мен ғалым-педагог мамандарды аттестаттау жүйесінің жұмысы мемлекет тарапынан жүйелі түрде қадағалау мен бақылауды талап етеді. Бұл жүйедегі бастапқы және ең маңызды саты диссертациялық кеңестер. Осы кеңестерге А. Құсайынов бей-жай қарамай, диссертациялық кеңес комиссияның қорытындысында қаралатын еңбектің мазмұны қорғауға ұсынылып отырған ғылыми мамандыққа сәйкестігі туралы баға анық негізделуге міндетті екенін қадап айтады.

Егемен Қазақстан газетіне берген сұхбатында: «ЖАК басшылығына келгелі аз уақыттың ішінде біз диссертацияның мазмұны, нәтижелері мен тұжырымдары ол қорғауға қабылданған мамандыққа мүлде сай келмейтін жағдайлардың да ұшырасатынын көріп, таңдандық. Диссертация орындалған кафедра оны сараптаудан шеттетіліп, алдын ала сараптау ісіне қойылатын талаптардың өрескел бұзылып жататыны да болады екен. Ал жетекші ұйым осының бәріне көз жұмып қарап, диссертациялық кеңестің ықпалында кете барады» (Жак кімге жақ? 2001. – 19 қаңтар) - деп диссертациялық кеңес жұмыстарындағы олқылықтарды нақты көрсетіп береді. Пікір айтып қана коймай, диссертациялық кеңес жұмыстарының сапасын көтеру мәселесін алға шығарады.

Еліміздегі мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында қадағалау жасаған ЖАК төрағасы А.Қ. Құсайынов статистикалық деректермен: «Диссертациялық кеңестер жұмысында жіберілген кемшіліктерді анықтай отырып, тиісті шаралар да қолданды. 1999 жылы қорғалған 1518 аттестациялық істің 35-і бойынша теріс шешім қабылданды. 2000 жылдың бірінші жартысында 977 аттестациялық істен 9 докторлық, 16 кандидаттық диссертация теріс шешімге лайықты деп табылды. 2000 жылдың екінші жартысында келіп түскен аттестациялық істер қазір мұқият сараптаудан өтуде. ЖАК бұл жерде де тиісті талаптарға сай әділ шешім қабылдайтын болады» - деуінен, әділетті де іскер басшының болмысын байқауға болады.



А. Құсайынов күрделі де қиын қызметте жүріп, елдегі маман кадрлардың біліктілігінің дұрыс қалыптасуына басшылық жасап, ғылым саласына қомақты еңбек етті деп айтуға болады. Түрлі мамандықтан қорғалатын ғылыми жұмыстар бар және оны сараптау комиссиясына ғалымдарды топтастыру қажеттілігі бар, айналып келгенде ғылыми дәреже беруде шешім шығару оңай шаруа емес. Десек те, А. Құсайынұлы ғылыми жұмыстың қай-қайсысына болсын әділ қарап, ЖАК жұмысына төрағалық етудің парасатты үлгісін көрсетті.

2004 жылдан бастап, тарих ғылымдарының докторы, профессор А.Қ. Құсайынұлы Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының Президенті болып тағайындалады. Еліміздің білім беру саласын ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан жетілдіріп, академия қызметкерлерінің біліктілігіне биік талап қоя білді.



**Ғалымның әртүрлі тақырыпта берген сұхбаттары мен ғылыми мақалаларынан, тіпті афоризмдері, нақыл сөздерінен білімділік, көшбасшылық, батылдық қасиеттері байқалып, оның тұлғалық болмысын айқындап тұр.**

Қазіргі уақытта елімізде бірнеше жоғары оқу орындары құрылып, қалыптасып, дамып келеді. Сондай жоғары оқу орындарының бірі – Еуразия гуманитарлық институты. Бүгінде бұл оқу орындарында жастар білім алып, еліміздің маңдай алды оқытушылары ұстаздық етіп жүр. А. Құсайынұлы 2007 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін Еуразия гуманитарлық институтының ректоры болды. ЕАГИ-дің қалыптасып, дамуына оның қайраткерлік еңбегі ерекше екендігін айта кетпеске болмас.

Қазақ білім академиясының академигі Амангелді Құсайынов Қазақстан Республикасында әртүрлі қызмет атқара жүріп, тарих ғылымы бойынша көптеген ғылыми еңбектер де жазған.

Ғалым кеңестік кезеңнің тарихын ғана емес, қазақ елінің тарихындағы өзекті тақырыптарға да қалам тартады. Мысалы, қазақ елінің азаттығы үшін күрескен XVIII ғасырдың дарынды тарихи тұлғасы Абылай ханның өмір тарихына қатысты «Өмір иірімдері» атты кітабында Абылай асуы туралы: «Абылай қазақ даласына кадр саясаты ұғымын енгізген деуге негіз бар. Мәселен, сұлтандарды өзі тағайындай бастағаны хан билігін күшейткені анық. Керек жерінде өлім жазасына өзі кесіп жіберіп отырғаны да оның алған беттен қайтпайтындығына көз жеткізіп, халық арасындағы беделін арттыра түскен. Үнемі елдің игі жақсысына арқа сүйейтіні, бидің, батырдың, қазақ арасындағы беделін орнымен пайдалана білетіні де оның, бүгінгі тілмен айтқандағы жағымды «имиджін» қалыптастыруға септескен» - деп, тарихи тұлғаға қатысты өз ойын білдірген екен. Осындай қазақ халқының тарихында ерекше орын алған тарихи тұлғалардың қатарында Ы. Алтынсарин, Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынов, М. Әуезовтер туралы ғылыми-зерттеу мақалаларын жариялаған. Онда тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметі, елге сіңірген еңбегі мен тарихтағы орны туралы өз ой-толғамдарын келтірген.

А. Құсайыновтың жас кезінде тарихшы мамандығын таңдауына әсер еткен шығармалардың қатарында І. Есенберлиннің «Көшпенділер» романы болған екен. «І. Есенберлин талантты жазушы ғана емес, қазақ тарихына тыңнан түрен салған және ұлттық тарихты зерделеуге алғашқы жол ашқан тарихи тұлға» (История – моя непреходящая любовь». Интервью вела Н. Серова //Акмолинская правда, 16 января, 1996) - деп, І. Есенберлиннің тарихи шығармаларының құндылығын, ұлттық сананы ояту мен қалыптастыруға ерекше ықпал еткендігіне назар аудартады.

Ғалымның ел тарихына қатысты ой-толғаныстары мен арнайы тарихи тақырыпта жазған бірқатар еңбектері бар. 150-ден астам ғылыми еңбектер жазып, 10-нан аса монография жариялады. Оның еңбектерінің ғылыми құндылығы жоғары, практикалық маңызы зор. Қай мақаласын алып қарасақ та, автор Отан тарихының даму бағыты, келешегі туралы өз ой-пікірлерін батыл білдіреді. Яғни, Қазақстан тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуы үшін қажетті мәселелерді айқындап көрсетіп отырады.

А. Құсайыновтың жетекшілігімен тарих ғылымы саласы бойынша 4 ғылым докторы, 16 ғылым кандидаты даярланды. Оның шәкірттері бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде отандық ғылым мен білімінің дамуына өз үлестерін қосуда. Бұл ғалымның тарих ғылымына қосқан үлесінің бір парасы деуге болады.

Амангелді Құсайынұлы – мемлекеттік наградалармен қатар, ЖОО қауымдастығының барлық марапаттарының иегері. Бұл ғалымның ғылыми-педагогикалық еңбегінің жемісі.

Қорытындылай айтқанда, А. Құсайынов – мемлекет және қоғам қайраткерлері қатарындағы тұлға. Өйткені, оның өнегелі өмір жолы және атқарған әртүрлі деңгейдегі қызметтерінің барлығы елдің дамуы мен өркендеуіне қосылған үлес екендігі анық.

Қазақта: «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді!», - деген аталы сөз бар. Сондықтан, ғалымның өзі өмірден өткенімен, оның елге жасаған еңбегі ұмытылмайды деп ойлаймыз.

Қанат Еңсенов,
ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институтының
жетекші ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

# АМАНГЕЛЬДЫ КУСАИНОВ – ГРАЖДАНИН, ПЕДАГОГ, ПРОСВЕТИТЕЛЬ,



Неотъемлемым качеством Амангельды Кусаиновича была присущая ему решительность при принятии эффективных стратегических решений. В период модернизации высшего образования в республике, в частности, диверсификации сети и структуры высших учебных заведений, по инициативе А.К. Кусаинова был создан первый негосударственный вуз столицы – Евразийский гуманитарный институт, имеющий заслуженную репутацию вуза, который качественно готовит успешных и востребованных на рынке труда специалистов по педагогическим и гуманитарным направлениям. У Амангельды Кусаиновича была уникальная способность собирать команду единомышленников. Его организаторский талант проявлялся еще и в том, что он умел создавать такие условия, когда каждый из нас мог и стремился реализовать свой потенциал в полной мере.

А.Д. Исмаилов,
ректор Евразийского гуманитарного института



